

**ШЕТ ТІЛІН
ҮЙРЕТУДЕГІ
ИННОВАЦИЯЛЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯ ТҮРЛЕРІ:
КЕЙС СТАДИ
ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

Білімді де білікті, салиқалы да парасатты, жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу мемлекеттік маңызды іс. Қазіргі заманда білім беру әлеуметтік құрылымның маңызды элементіне айналды да дүниежүзінде білімнің әлеуметтік рөлі артты. Адамның болашағы оның қазіргі алған білімнің сапасына, көлеміне, ойлау деңгейіне байланысты екені айқын. Сондықтан еліміздегі білім беруді дамытудың қазіргі заманғы кезеңін оқытудың дәстүрлі түрінен инновациялық әдістерге ауыстырып жатырмыз. «Білім беру» мемлекеттік бағдарламасында білім беруді жетілдіру мен оқыту процесіне жаңа технологияларын енгізу мәселесі қарастырылған [1, 104 б.].

XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – жәй ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деп атап өткен. Сондықтан оқыту әдістерін жетілдіру арқылы тіл үйренушілердің белсенділігін, қызығушылығын, ұғуын, ойлауын, іскерлігін арттыратын жұмыстарды көптеп іздестіріп, жүргізу қажет.

Әлемдік білім беру кеңістігіне ену мақсатында Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде қазіргі кезде көптеген реформалар жүруде және Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген [2]. Қазіргі жаһанданған өмірдің талабына, еліміздің әлеуметтік даму жағдайына сәйкес жеке тұлғаны бейімдеу мақсатында білім беруде инновациялық технологиялар кеңінен пайдалану қажет етеді.

Осыған сәйкес қазіргі қоғамдағы ақпараттандыру мен компьютерлеу, оқу процесінде техникалық құралдардың дами түсуі және жаңа білім беру жолдарын қолдану бүгінгі күнде өте маңызды болып отыр. Осы инновациялық технологияларды білім беруде қолдану, Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алып, нарық саясатына жол ашылып, дүниежүзі мемлекеттерімен саяси, мәдени және экономика салаларында жан-жақты байланысқа түсуіне байланысты шетел тілінде қарым-қатынас жасау қазіргі заман талабының біріне айналып отыр.

Сонымен бірге, студенттер шетел тілін жетік білетін, өзінің тіл біліктілігін жоғары деңгейде көрсете алатын, болатын қиындықтарды сыни тұрғыдан шеше алатын, коммуникативті қабілеті дамыған болу керек. Ал сол талаптарды жүзеге асыруға инновациялық технологияларды тіл үйретуде қолдану мүмкіндік береді [3, 45 б].

Инновациялық технологиялар білім беру саласының алдында тұрған жаңа міндеттерді сәтті орындаудың негізгі жолы болып саналады. Шетел тілін үйретуде инновациялық технологияларды пайдаланатын болсақ студенттерді қазіргі заман талаптарына дайындауға болар еді. Өмірде болып жатқан өзгерістер, айта кетер болсақ, соңғы жылдардағы ғылым мен техниканың өзара тығыз байланысты дамуының нәтижесі және жаһандану әр азаматтың осындай қарқынды өзгерістерге дайын болуын және тез бейімделе алауын талап етеді. Қазіргі заман талабы тұрғысында студенттер жаңаша білім алуға құмар. Ендеше, студенттерге инновациялық технологияларын қолдана отырып білім алуға бейімділігін көрсетеді.

Қазіргі кездегі шет тілін үйрету мақсатына жаңаша түсінікпен қарасақ, оны дамытудың басты стратегиялық бағдары – өмірге жауапкершілікпен қарайтын, дүниетанымдық мәдениеті жетілген, шығармашылық ойлауға дағдыланған, іскерлік қабілеттілігі биік, гуманистік ойлау басым, инновациялық ілімімен қаруланған адамгершілік қасиеттері мол білікті мамандардың жаңа ұрпағын қалыптастыру болып табылады [4, 11 б].

Еліміздің білім беру мен ғылымдағы ең алуан түрлі және болашағы зор қазіргі заманғы білім беру технологиялары ендірілуде. Шетел тілін оқыту әдістемесінде қолданылатын инновациялық технологияның түрлерін анықтап өтетін болсақ шетел тілін оқыту әдістемесінің маманы А.Н. Щукиннің еңбегін атап өтеміз. А.Н. Щукин өзінің «Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам» атты еңбегінде шетел тілін үйретуде келесі инновациялық технология түрлерін атап көрсетеді:

бірлестікте оқыту, жоба технологиясы, жеке тұлғаға бағытталған технология, қашықтан оқыту, тілдік портфолио, тандем әдісі, кейс стади технологиясы және компьютерлік технология [5, 130 б]. Кейс стади технологиясына және оның маңыздылығына тоқталып кетсек.

Кейс стади технологиясы – арнайы модельденген немесе нақты өндірістегі жағдайларды талдау, мәселелерін анықтау, альтернативті шешімдер іздеу, мәселенің оптимальды шешімін

қабылдау барысында қолдануға негізделген технология.

Кейс әдісі алғаш рет АҚШ-тың Гарвард университетінің құқық мектебінің оқу үрдісінде 1870 жылы қолданылған болатын, ал сол жердегі бизнес мектебінде 1920 жылдан бастап қолданыла бастаған. Оқытудың нақты жағдаяттар жинағын шығарып, кейс стади амал тәсілін қолдану жолдарын көрсеткен ғалым Копленд ең алғашқылардың бірі болып өз еңбектерінде осы термин атауын пайдаланған екен (1921 ж.). Кейс әдісінің, осы термин атауының алғаш рет жан-жақты талқылануы да Гарвард университетінің бизнес жайлы жасаған еңбегінде көрініс тапқан (1925 ж.). Кейс стади әдісімен айналысатын Гарвард және Манчестер деп аталатын екі классикалық мектеп кейс стади әдісін терең зерттеумен айналысуда. Бірінші мектептегі кейс әдісінің басты мақсаты ретінде әділ шешімді табуға үйрету қарастырылса, екінші мектепте мәселелерді шешудің көптүрлілігі қарастырылады. Америкалық кейстердің көлемдері үлкен, мәтіндері 20-25 беттен тұрады, оған қосымша иллюстрацияланған 8-10 бет беріледі. Еуропалық кейстердің көлемі оларға қарағанда 1,5-2 есе кішірек болып келеді [6].

Гарвард бизнес мектебі оқу үрдісін ұйымдастыру барысында кейс әдісінің нақты мазмұнын сақтай отырып талдап-талқылаумен айналысады. Видеоматериалдарды, компьютерлік және бағдарламалық құрылғыларды пайдалана отырып оқушылардың қызығушылықтарын арттыру – Гарвард мектебінің ең басты талабы. Статикалық мәліметтерге қарағанда Гарвард мектебінің немесе кез-келген бизнес мектебінің студенті білім алу барысында жүздеген кейс жасап шығарады екен, сонда жыл сайын бұл мектепте кейс жинағына еніп отыратын жүздеген жаңа кейстер мен оларды толықтырып отыратын әдістемелік құралдардың шығып отыратынына көз жеткізуімізге болады.

Манчестер мектебі ХХ ғасырдың басындағы Гарвард бизнес мектебінің идеяларын ары қарай дамытушы мектеп болып табылады, олар Гарвард мектебі негізін қалаған кейс әдісінің теориялық негіздеріне сүйенеді, бірақ басқа қырынан дамытуды қарастырады. Бұл мектеп өкілдері осы әдіс туралы теориялық білімдердің аясында қалып қоймай, оны практика жүзінде қолдана білу дағдысын дамытуды басты талап етіп қойған. Манчестер мектебі Гарвард мектебіне қарағанда жағдаяттарды қысқаша сипаттауды, олардың шешімдерін тез әрі ашық түрде табуды және талқылауды топпен жүргізуді ұсынады.

Қазіргі заманғы оқу әдістемесінде кейс-стади амал-тәсілдерін жан-жақты зерттеп, оларды қолданысқа енгізуді қарастырып жатқан көптеген ғалымдар бар. Солардың қатарында С.Д.Смирнов, М.В. Антипина, Л. Барис, В.А. Ясвин, К. Кристенсен, М.В. Кларин, А.И. Наумова, Б.Н. Кисилева, Г.А. Полонский, И.Уилсондардың есімін атап өтуге болады.

Кейс амал-тәсілінде басты назар студенттердің реальды немесе қиялдық, яғни алдын-ала құрастырылған жағдаятқа өзіндік баға беруі, өзінің ой-пікірін нақты әрі толық айтып беруі және т.б. шәкірттің жеке тұлғалық қабілеттерін жетілдіруге аударылады. Сонымен қатар студенттердің бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыруға, әртүрлі проблемаларды талдауға және оларды шеше білу қабілетін дамытуға және ақпаратпен жұмыс жасауды үйретуге үлкен көңіл бөлінеді. С.Д. Смирновтың пікіріне сүйенетін болсақ, «в кейсе (буквально-частный случай, конкретное дело) описывается конкретная ситуация, которая могла иметь место или реально происходила. Рассматриваются факты, решения, принятые в течение определенного времени, которые описываются не как абсолютно исчерпывающие, а скорее как система ориентиров. Недостающую информацию участники обсуждения и принятия решения (включая студентов) могут домысливать и строить на основе этого прогноза» [7, 201].

Кейс – бірегей ақпараттық кешен, ережеге сәйкес ол үш бөліктен тұрады: кейсті талдауда қолдануға болатын қосымша ақпараттар, нақты жағдаяттар сипаттамасы және кейске арналған тапсырмалар.

Кейс әдісі – талдау әдістерін қамтитын жалпы білімнің технологиялық ұғымы. Кейс әдісі арқылы нақты жағдайлар тұрғысынан академиялық теорияларды көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс студенттердің пәнге деген қызығушылықтарын оятып, оны терең меңгеруге, білім алу барысында алған ақпараттарын өңдеп, талдауға ынталандырады.

Оларды құрудың негізгі сатылары төменде көрсетілгендей:

- Білім жүйесінде кейстің алатын орнын, мақсатын анықтау;
- Тақырып моделін құру немесе таңдау;
- Әртүрлі жағдайларға критерийлерді тағайындау;
- Қажет ақпарат көздерін белгілеу;
- Қосымша ақпаратты жинау барысындағы орындалатын іс-әрекеттер жоспарын құру;
- Сараптама жасау, оны қолдану барысында әдістемелік материалдар дайындау [8, 166].

Кейс әдісін қолдану барысындағы оқытушының іс-әрекеті екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңге кейс таңдап алу және сұрақтар құрауға арналған шығармашылық жұмыс, жағдайларды тақырыпқа сәйкес таңдап алу, мақсат пен міндеттерді анықтау, жағдайды құрастыру және суреттеу жатады. Ал екінші кезеңді оқытушының аудиториядағы іс-әрекеті құрайды. Аудиториядағы кейс әдісін қолдану кезеңі төмендегідей кезеңдерді қамтиды:

- кейске кіріспе;
- жағдайдың талдануы;
- пікірталас;
- қорытынды шығару.

Кейс амал-тәсілдерін пайдалануда мына мәселелерге басты назар аударылады:

- студенттердің ауызша сөйлеу дағдысын жетілдіруге алдын-ала дайындалған мәтіндер немесе тапсырмалар беру;
- шағын топтардың басшыларымен өздерінің ойларын бөлісу, бірге талдау, студенттер түсінбегенде микросабактар өту;
- топтың бірнеше шағын топтарға бөлінуі
- әрбір топтың өзінің басшысы болуы;
- оқытушы бағыт-бағдар беруші, бақылаушы рөлінде ойнауы [9, 7].

Кейс әдісі арқылы келесі дағдыларды дамытуға болады:

1. Аналитикалық дағдылар. Бұл дағдыларға деректерді мәліметтерден айыра білу шеберлігі, ақпараттардың маңызды және маңызды емес екенін, оларды дұрыс талдай білу, оларға қол жеткізу, жіберіп алған ақпараттарды тауып, оларды қалпына келтіру шеберлігі, нақты және логикалық ойлау қабілеті және т.б. жатады. Бұл дағдыларды меңгеру ақпарат сапасы төмен болған жағдайда өте маңызды.

2. Тәжірибелік дағдылар. Кейсте көрсетілген нақты жағдайлармен салыстырғанда мәселе күрделілігінің төмен деңгейі экономикалық теорияларда, онда қолданылатын әдістер мен принциптерде тәжірибе дағдыларын жүйелеуге мүмкіндік береді.

3. Шығармашылық дағдылар. Кейс әдісінің өзін ғана қолдану арқылы мәселені шешу мүмкін емес, сондықтан альтернативті шешу генерациясының шығармашылық дағдылары өте маңызды.

4. Коммуникативті дағдылар. Олардың ішінен атап өтетіміз: дискуссияны жүргізу шеберлігі, пікірталас кезінде өзінің айтқан ойына, пікіріне қоршаған адамдардың көзін жеткізу. Көрнекі материалдарды, құралдарды және басқа медиа заттарды қолдану, топтарға бірлесу, өз

көзқарасын қорғау, оппоненттердің көзін жеткізу, қысқа да нұсқа есеп дайындау.

5. Әлеуметтік дағдылар. Нақты әлеуметтік дағдыларға адамдардың өзін-өзі бағалау тәртібі, тыңдай білу, дискуссияны қолдау немесе қарама-қарсы көзқарас білдіріп, оны дәлелдеу, өзін-өзі ұстау және т.б. дағдылар жатады. Олар кейсте талқылау барысында қалыптасады.

6. Өзіндік саралау дағдысы. Пікірталас кезінде келіспеушілік басқалардың және өзінің

пікірін жете түсінуге және талдауға септігін тигізеді, осылардың нәтижесінде өзіндік саралау дағдысы қалыптасады [10].

Қорыта айтқанда, кейс әдісі студенттердің бойында жаңа қасиеттер мен іскерліктерді қалыптастыруды көздейді. Сондай-ақ тілді оқыту барысында студенттердің әртүрлі проблемаларды талдау және оларды шеше білу қабілетін дамытуға, ақпаратпен жұмыс жасауды үйретуге де үлкен мүмкіндік туғызады.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан – 2030. – Алматы: Юрист, 2001. – 104 б.
- 2 Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» 28.02.2007 ж.
- 3 Жолдасова Б.Б. «Инновациялық технологияларды білім беруде қолдану» // Білім, № 5, 2007. – 45 б.
- 4 Исакова П.К. «Жоғары оқу орындарындағы инновациялық білім беру үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастыру». Автореферат. – Түркістан, 2008. – 11 б.
- 5 Шукин А.Н. «Современные интенсивные методы и технологии обучения иностранным языкам». – Москва: Филоматис. – 2010, 130 б.
- 6 Kargoo.gov.kz/loader/load/12761
- 7 Смирнов С.Д. Педагогика и психология высшего образования. От деятельности к личности. – М., 2005. – 200 с.
- 8 Freeman S.Y., Freeman E.D. «ESL/EFL Teaching: Principles for Success». – Portsmouth, NH: Heinemann.1999, 166 б.
- 9 Аринова Г.К. Жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі педагогикалық технологиялардың алатын орны // 12 жылдық білім беру, 2009, №4, 76 б.
- 10 Смолянинова О.Г. Образовательный сайт по кейс-методу обучения и методика его использования в учебном процессе КГУ.

References

- 1 Kazakstan – 2030. –Almaty: Jurist. -2001, 104 b.
- 2 Nazarbaev N.A. «Zhana alemdegi zhana Kazakstan» 28.02.2007
- 3 Zholdasova B.B. «Innovacijalyk tehnologijalardy bilim berude koldanu» // Bilim, № 5, 2007, 45 b
- 4 Iskakova P.K. «Zhogary oku oryndaryndagy innovacijalyk bilim beru uderisterin baskarudy kasibi kalypstasyru».Avtoreferat, -Turkistan. – 2008, 11 b.
- 5 Shhukin A.N. «Sovremennye intensivnye metody i tehnologii obuchenija inostrannym jazykam». – M.: Filomatis. – 2010, 130 b.
- 6 Kargoo.gov.kz/loader/load/12761
- 7 Smirnov S.D. Pedagogika i psihologija vysshego obrazovanija. Ot dejatel'nosti k lichnosti. – M., 2005. – 200 s.
- 8 Freeman S.Y., Freeman E.D. «ESL/EFL Teaching: Principles for Success». – Portsmouth, NH: Heinemann.1999, 166 b.
- 9 Arinova G.K. Zhana mazmundy bilim beru zhujesindegi pedagogialyk tehnologijalardyn alatyn orny // 12 zhyldyk bilim beru, 2009, №4, 76 b.
- 10 Smoljaninova O.G. Obrazovatel'nyj sajt po kejs-metodu obuchenija i metodika ego ispol'zovanija v uchmdzhamaldinova@inbox.ruebnom processe KGU.